

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитетінің Хатшылығындағы Қазақстан Республикасына бекітілген квоталарға сәйкес лауазымдарға кандидатураларды бекітуге ұсыну туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 17 қарашадағы N 1473 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.03. N 1141 қаулысымен.

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың органдарының лауазымды адамдары туралы ереже туралы" 2001 жылғы 31 мамырдағы N 14 және "Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитеті Хатшылығының құрылымы туралы" 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 24 шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитетінің Хатшылығындағы Қазақстан Республикасына бекітілген квоталарға сәйкес лауазымдарға мына кандидатураларды бекітуге ұсыну жөніндегі ұсынысы мақұлданды:

Соболев Виктор Васильевич - Экономикалық саясат департаментінің б а с ш ы с ы ;

Әлиғожинов Серік Қарабатырұлы - Кеден ісі және шекара мәселелері жөніндегі департамент басшысының орынбасары;

Әутәліпова Әлия Сүлейменқызы - Құқықтық департамент басшысының о р ы н б а с а р ы .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі*